



20 ақпан 2012 ж.

**Eurasian Natural Resources Corporation PLC
(Еуразиялық табиғи ресурстар корпорациясы)**

ENRC және Қостанай облысының әкімшілігі арасында 2012 жылы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жөніндегі әріптестік туралы Меморандумға қол қойылды

Бүгін ENRC корпорациясы мен Қостанай облысының әкімшілігі арасында 2012 жылы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жөніндегі әріптестік туралы Меморандумға қол қою рәсімі өтті. Көп жылдық дәстүрдің жалғасы ретінде ENRC PLC Бас атқарушы директоры Феликс Вулис пен Қостанай облысының әкімі Нұралы Садуақасов өңірдің дамуына бағытталған ортақ Меморандумға қол қойды. Ағымдағы жылы корпорация облыстағы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға 937 млн теңге бағыттайды.

Меморандум аясында бірқатар әлеуметтік, экономикалық және мәдени жобаларды жүзеге асыру қарастырылған. Жобаларды қаржыландыру «ENRC Көмек» корпоративтік қоры мен ENRC құрамындағы «ССКӨБ» АҚ арқылы жүзеге асырылатын болады.

Қалыптасқан дәстүр бойынша ENRC өңірдегі спорттың дамуына ерекше көмек көрсетеді. Атап айтқанда, осы жылы компания өңірдегі хоккейдің дамуына 250 млн теңгені бағыттаса, 150 млн теңге Қашар поселкесінде спорттық залдың құрылысына жұмсамақ.

Инфрақұрылымдық жобалардың қатарында Қашар поселкесін абаттандыруға және Рудный қаласындағы балабақшаның құрылысы бар. Сондай-ақ, Меморандумда атақты мәдениет, өнер және білім қайраткерлеріне демеушілік жасау да қарастырылған.

«ENRC үшін әкімшіліктермен Меморандумдарға отыру көп жылдық дәстүрге айналды. Облыс шеңберіндегі әлеуметтік, мәдени және білім беру жобаларын қолдау Топтың әлеуметтік жауапкершілік саясатындағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Корпорация Қостанай облысының дамуына бағытталған жауапкершілікті алдағы болашақта да алатын болады» – деп атап өтті ENRC PLC Бас атқарушы директоры Феликс Вулис Меморандумға қол қою рәсімінде.

Бірнеше жыл қатарынан ENRC еліміздің төрт өңіріндегі маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаларды жүзеге асыруды қаржыландырады. 2011 жылы жобалардың жалпы құны 5 млрд АҚШ долларын құрады. Бұған дейін ENRC Ақтөбе және Қарағанды облыстарының әкімшіліктерімен әріптестік туралы меморандумға қол қойған еді. Алдағы уақытта Павлодар облысының әкімшілігімен де осындай меморандумға қол қойылады.

Қосымша ақпарат үшін келесі байланыс көзімен хабарласыңыздар:

ENRC Қазақстан, Астана қ.,
Корпоративтік коммуникациялар департаменті
т/ф. +7 (7172) 59 21 53
press@kz.enrc.com

ENRC PLC, Лондон қ.
Юлия Кальчева
Қоғаммен байланыс бөлімі бастығының орынбасары
т/ф. +44 (0) 20 73891861
julia.kalcheva@enrc.com

ENRC PLC туралы

ENRC пайдалы қазбаларды қазып алу және байыту саласында жетекші әртараптандырушы компаниялар тобы болып табылады, ол кен қазып алу, өңдеу, энергетика, көлік және маркетинг кәсіпорындарымен интеграцияланған.

Топтың өндірістік активтері негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан және құрамына келесі кәсіпорындар кіреді: Қазхром ТҰК, Жәйрем КБК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ), Қазақстан алюминийі, Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуразиялық энергетика корпорациясы (ЕЭК), ENRC Logistics.

Басқа активтер, ең алдымен Өзге түсті металдар бөлімшесі, негізінен Африкада орналасқан және оның ішінде Boss Mining, SMKK және Chambishi Metals PLC компанияларының мыс пен кобальт активтері және Camrose Resources Limited (Camrose) компаниясының 50,5 % акциялары бар.

ENRC сондай-ақ Серов ферроқорытпа зауытына, Бразилиядағы темір рудасын барлау жөніндегі Bahia Minerals BV және Minercao Minas Bahia SA(MIBA) жобаларына, Қытайдағы (Туоли) Xinjiang Tuoli Taihang Ferroalloy Company акциясының 50%-ына және Оңтүстік Африкадағы платина өндіру бойынша көшбасшы болып табылатын Northam Platinum Limited-тің 14,35% акцияларына иелік етеді.

ENRC FTSE 100 тізіміне кіреді. ENRC-де қазіргі уақытта 70 000-нан астам адам жұмыс істейді, оның 65 000-ы Қазақстанда.